

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінің

директор жанындағы кеңес хаттамасы

№ 1 (қашықтықтан өткізілген жиналыс)

2020 жылғы "30" қыркүйек _____

Төрайым: Р.Т. Куатбекова

Хатшы: М.Әленова

Қатысқандар: 28

Күн тәртібі:

1. Жалпыға бірдей білім Заңын жүзеге асыру.
2. Оқушылардың санитарлық талаптарды қатаң сақтауын бақылау.
3. Күндегілік КЗ электрондық журналдың талапқа сай жүргізілуі тексеру.
4. 1,4-сынып оқушыларының пән мұғалімдерінің сабақ беруіне бейімделуіне бақылау.
5. Алфавиттік журналдың жүргізілуі, оқушылардың жеке іс құжаттарын тексеру.
6. Президент жолдауын өзара талқылау.
7. «Бағалау жүйесі» А.Бимурзаева.
8. Үйірме, факультатив, қолданбалы және таңдау курстарының ұйымдастырылуы.
9. Оқушылардың сабаққа қатысуын талдау.
10. Қорытынды аттестациялау мен жұмыс жоспарын бекіту.
11. Аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетудегі комиссия жұмысы.

Отырыс барысы

1. Тыңдалды:

1. А.Бимурзаева- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

- барлық 1-4 сыныптардан сынып жетекшілері арқылы әр ата-ананың пікірі сұралғанын айтып өтті. Сонда жалпы мектепте 315 оқушының ата-анасы 100 пайыз мектепте оқығанын калайды. Ал 70 баланың ата-анасы қашықтықтан оқығанын калайтынын айтып өтті. Қашықтықтан оқытқысы келетін ата-аналардың баласына сабақ пән мұғалімдері арқылы ватсап желісімен, электрондық почта арқылы тапсырмалар берілетіндігін атады. Осы негізде санитарлық талаптардың күшейтілуі керектігі, оны ата-ана, бала да қатаң ескеру керектігін атап өтті. Жаз бойы көшеде рейд жұмыстары жүргенін атап өтті. Егер штаттық режимде оқитын болсақ төмендегі ережелер сақталу керектігін атады:

Оқытудың штаттық режимін ұйымдастыру кезінде мынадай шараларды сақтау қажет:

- 1) басталу және аяқталу уақытын көрсете отырып, сабақ кестесін құру;
- 2) әлеуметтік алшақтықты сақтау үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру;
- 3) кабинеттік жүйені алып тастау, әр сынып белгілі бір кабинетте орналасады;
- 4) әртүрлі сыныптар үшін әр уақытта сабақтар арасындағы үзілісті ұйымдастыру;
- 5) мектепке кіру кезінде медицина қызметкерінің білім алушылар мен педагогтердің температурасын күн сайын өлшеуі;
- 6) маскаларды кию режимін қамтамасыз ету;
- 7) оқу үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;
- 8) кабинеттерді және барлық жайларды желдету, кварцтау;
- 9) қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану;
- 10) әрбір екінші сабақтан кейін сынып бөлмелерін ылғалды жинау;
- 11) дәліздердегі, рекреациялардағы, холлдардағы және басқа үй-жайлардағы ауысымдар, шағын ауысымдар арасындағы ылғалды жинау;
- 12) мектеп асханасының/буфеттердің жұмысын тоқтату;
- 13) күн сайын температураны өлшеуге, ауру белгілерін анықтауға, ауырғандар анықталған, карантин жарияланған және барлық сыныптың қашықтан оқытуға көшкен жағдайда сыныптағы білім

алушылардың жағдайын бақылауға, кейіннен сыныпты штаттық режимге қайтарғанда оқшаулауға арналған медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі;

14) таза ауада дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру немесе спорт залдарын үнемі желдету;

15) мұғалімдерге кабинеттерде жүруге, мұғалімге баруға, сыныптан тыс іс-шаралар мен ата-аналар жиналыстарын өткізуге тыйым салынады;

16) мектеп заттардың, кабинеттердің, реакциялардың, холлдардың және басқа да үй-жайлардың бетін өңдеу үшін жеткілікті мөлшерде дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етіледі;

17) мектептің кіреберісінде дезинфекциялау тоннельдері, аяқкиімге арналған дезинфекциялау кілемшелері орнатылады, барлық қабаттарда қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылады, термометрия қамтамасыз етіледі;

18) сапалы сумен жабдықтау, қолды жуу құралдары қамтамасыз етіледі.

Оқу форматына қарамастан, қазақ тілінде оқитын «Балапан» телеарнасында орыс тілінде оқитын оқушыларға «Ел-Арна» телеарнасында дүйсенбі жұма күндері аралығында сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін теледидарлық қосымша сабақ арқылы оқу мүмкіндігі беріледі. Теледидар сабақтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми арналарында ақысыз көрсетіледі. Теледидар сабақтары қосымша білім беру ресурсы ретінде қолданылады.

Теледидар сабақтары әлеуметтік желілерде жарияланған кестеге сәйкес өтеді.

Теледидар сабақтарының ұзақтығы 10-15 минуттан тұрады.

2. А.Бимурзаева- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

-2020-2021 оқу жылында санитарлық - эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтап жұмыс жүргізіліп жатыр. Мектептің Күнделік.Кз электрондық журналы мектеп құжаттарының жүргізілу барысын бақылау бойынша сынып журналының жүргізілуінің қорытындысы. Апта сайын жұмада Күнделік Кз электрондық журналының толтырылуы мониторингісі жүргізілетінін білесіздер.

1. **Мақсаты:** Күнделік Кз электрондық журналының талапқа сай жүргізілуін бақылау. Жіберілген олқылықтарды анықтау, жою шарасын белгілеу, жас мамандарға әдістемелік көмек беру.

2020-2021 оқу жылдың қыркүйек айы бойынша журнал толтырудың мониторингісі

Қорытынды:

Тамыз айында электрондық журнал "Күнделік КЗ" толтыру бойынша мұғалімдерге, жас мамандарға әдістемелік нұсқаулық берілді. Соған қарамастан журналды уақытында әр сабақ сайын толтыруға үйренбей жатыр. Үй тапсырмасының уақытында берілмеуі мониторинг арқылы көрініп тұр. Үй тапсырмасын нақты, балаға не оқуға берілді толық жазылуы тиіс. Оқушыға 1-10 ұпай аралығында қалыптастырушы бағалау сабақ сайын уақытында қойылуы керек. Журналдың жүргізуі пайызы төмендейді.

Ұсыныс:

1. Күнделік Кз электрондық журнал толтыруға қойылатын талаптарды қатаң сақталсын.

2.Мұғалім оқушының білімін жүйелі түрде тексеруге және бағалауға, сондай- ақ оқушылардың сабаққа қатысуын әр сабақта белгілеуге міндетті.

3. Үй тапсырмасын уақытында беру.

4. КТЖ толық тоқсанға жариялау.

3. А.Бимурзаева- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

- 2020-2021 оқу жылындағы мектепшілік бақылау жос.ларына сай 5-20 қыркүйек аралығында 1,4 - сыныптың бейімделуіне бақылау жүргізілді. Мектеп директорының бұйрығы негізінде 1,4 - сыныптың оқушыларына психологиялық зерттеу жүргізілді.

1 - сыныптың оқушыларының сабақтарына кесте бойынша сабаққа қатыстық. Сыныпта 15 оқушы **Мақсаты:** 1- сыныпта «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) орындалуы, пәндердің оқытылу жағдайын, оқушылардың сабаққа қатысуын, оқушылардың бейімделуін бақылау жағдайын мектепшілік бақылау.

Пәні: Ағылшын тілі

Тақырыбы: Қызыл, сары, жасыл, көк түстер.

Пән мұғалімі: Абдреева Қ.

Бақылаушы: А.Бимурзаева

Пән мұғалімі сабаққа деген оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар пайдалану керек. Өткен сөздерді жатқа сұрады. Өте жақсы жаттаған сөздерді айта білетін оқушы Инжу, Каусар, Бексұлтан. Жаңа сөздерді үйретті. Өр сөзді хормен, жеке жаттатты. Оқушылар тәртіпке үйренбеген. Сыныпта шу. Ата-аналар оқушының оқулығына көңіл бөлмейді. 6 оқушы кітабы қапталмаған. Оқу құралы толық емес. Батыр қарындаш жоқ. Пән мұғалімі тілді үйретуде барынша ынтымақтастықпен түсіндіруге тырысты.

Ұсыныс:

- оқушыларды тәртіпке үйрету керек;
- оқушының зейінін шоғырландыру керек;
- сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында көрнекіліктер қолдану керек;
- мектеп психологінің көмегі қажет.

Пәні: сауат ашу

Бақылаушы: А.Бимурзаева

І - сынып жетекшісі Орынбаева Т.

Сабақ сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы жүргізілді. Мұғалім сабақта марапаттау арқылы бағалады. Оқушылар сабаққа қызығып қатысты.

Сабақта әр бала өзін ұстай біледі. Мұғалім қойған сұрағына зейін қойып тыңдамайды. Оқушыға сұрақты нақты тыңдап жауап беруге үйрету керек. Оқулық 6 оқушыда қапталмаған. Тұтас оқитындар: 2 - 12,5 пайыз, буындап оқитындар: 8 - 50 пайызы Әріптеп оқитындар: 6 - 37,5 пайызы,

І - сыныптың бейімделуі "жақсы" деңгейде. Стандарт талаптарына сай білім, білік, дағдыларды меңгерген.

Пәні: Математика

Бақылаушы: А.Бимурзаева

І - сынып жетекшісі Г.Асанбаева

Сыныпта психологиялық ахуал қалыптастырды. "Шаттық шеңберге" тұрғызып, сандарды айтты. Үлестірме арқылы қосуды азайту амалдарын орындады. Топтан жұмыс Сандарды салыстыру орындады. Математикалық дәптерге тапсырмаларды орындады. Математика пәніне Жалпы сыныптың бейімделуі "жақсы"

Пәні: Музыка

Тақырыбы: Әсем әнге билейміз. Айгөлек әні

Бақылаушы: А.Бимурзаева

І - сынып жетекшісі А.Тобағабылова

Сабақта оқушылар ән сабағында отыруға үйренген. Өткен әндерін жаттап, хормен айтып отырды. Ноутбук арқылы "Айгөлек" әнін тыңдады. Музыкасын үйреніп, жеке - жеке, хормен айтып әнді қызығушылықпен орындады. Ән айтуға бейімі бар оқушылар:

Пәні: Дене шынықтыру

Тақырыбы: Жаттығу

Бақылаушы: А.Бимурзаева

І - сынып жетекшісі: Қ.Шалқаров

Дене шынықтыру сабағына оқушылар толық киінген. Өте жоғары қызығушылықпен қатысты. Спорт секторы рапорт берді. Сабақта енжарлық танытып жүрген оқушы жоқ. Сынып оқушылары дене шынықтыру сабағына қатысуға бейімделген.

Қорытынды:

5-20 қыркүйек аралығында І-сынып оқушыларының сабақтарына қатысу арқылы сынып оқушыларының бейімдерлуі "жақсы" екені анықталды. Сыныпта пәндерді мүлде игере алмай, оқи алмай отырған оқушы жоқ. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) стандарт талаптары орындалған. Оқушылар сабаққа мұнтаздай таза, дайындықпен келеді. Ата - аналар тарапынан да балаларын күнделікті қадағалайды. Оқу құралдары, оқулықтары қапталған. І-сыныпқа толық психологиялық, валеологиялық зерттеу жүргізілді.

Н.Сарсенбаева - бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі:

Пән мұғалімі сабаққа деген оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатында дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар пайдалану керек. Өткен сөздерді жатқа сұрады. Өте жақсы жаттаған сөздерді айта білетін оқушы Інжу, Каусар, Бексұлтан. Жаңа сөздерді үйретті. Әр сөзді хормен, жеке жаттатты. Оқушылар тәртіпке үйренбеген. Сыныпта шу. Ата-аналар оқушының оқулығына көңіл бөлмейді. 6 оқушы кітабы қапталмаған. Оқу құралы толық емес. Батыр қарындаш жоқ. Пән мұғалімі тілді үйретуде барынша ынтымақпен түсіндіруге тырысты.

Ұсыныс:

- оқушыларды тәртіпке үйрету керек;
- оқушының зейінін шоғырландыру керек;
- сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында көрнекіліктер қолдану керек;
- мектеп психологінің көмегі қажет.

Пәні: сауат ашу

Бақылаушы: А.Бимурзаева

1 - сынып жетекшісі Орынбаева Т.

Сабақ сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы жүргізілді. Мұғалім сабақта марапаттау арқылы бағалады. Оқушылар сабаққа қызығып қатысты.

Сабақта әр бала өзін ұстай біледі. Мұғалім қойған сұрағына зейін қойып тыңдамайды. Оқушыға сұрақты нақты тыңдап жауап беруге үйрету керек. Оқулық 6 оқушыда қапталмаған. Тұтас оқитындар: 2 - 12,5 пайыз, бұрындап оқитындар: 8 - 50 пайыз. Әріптес оқитындар: 6 - 37,5 пайыз,

1 - сыныптың бейімделуі "жақсы" деңгейде. Стандарт талаптарына сай білім, білік, дағдыларды меңгерген.

Пәні: Математика

Бақылаушы: А.Бимурзаева

1 - сынып жетекшісі Г.Асанбаева

Сыныпта психологиялық ахуал қалыптастырды. "Шаттық шеңберге" тұрғызып, сандарды айтты. Үлестірме арқылы қосуды азайту амалдарын орындады. Топтан жұмыс Сандарды салыстыру орындады. Математикалық дәптерге тапсырмаларды орындады. Математика пәніне Жалпы сыныптың бейімделуі "жақсы"

Пәні: Музыка

Тақырыбы: Әсем әнге билейміз. Айгөлек әні

Бақылаушы: А.Бимурзаева

1 - сынып жетекшісі А.Тобағабылова

Сабақта оқушылар ән сабағында отыруға үйренген. Өткен әндерін жаттап, хормен айтып отырды. Ноутбук арқылы "Айгөлек" әнін тыңдады. Музыкасын үйреніп, жеке - жеке, хормен айтып әнді қызығушылықпен орындады. Ән айтуға бейімі бар оқушылар:

Пәні: Дене шынықтыру

Тақырыбы: Жаттығу

Бақылаушы: А.Бимурзаева

1 - сынып жетекшісі: Қ.Шалқаров

Дене шынықтыру сабағына оқушылар толық киінген. Өте жоғары қызығушылықпен қатысты. Спорт секторы рапорт берді. Сабақта енжарлық танытып жүрген оқушы жоқ. Сынып оқушылары дене шынықтыру сабағына қатысуға бейімделген.

Қорытынды:

5-20 қыркүйек аралығында 1-сынып оқушыларының сабақтарына қатысу арқылы сынып оқушыларының бейімдерлуі "жақсы" екені анықталды. Сыныпта пәндерді мүлде игере алмай, оқи алмай отырған оқушы жоқ. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) стандарт талаптары орындалған. Оқушылар сабаққа мұнтаздай таза, дайындықпен келеді. Ата - аналар тарапынан да балаларын күнделікті қадағалайды. Оқу құралдары, оқулықтары қапталған. 1-сыныпқа толық психологиялық, валеологиялық зерттеу жүргізілді.

Н.Сарсенбаева - бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі:

- Сыныпта 14 оқушы. 4 - сыныптың оқушыларының сабақтарына кесте бойынша әкімшілік сабаққа қатысты. **Мақсаты:** 4- сыныпта мемлекеттік стандарттың орындалуы, пәндердің оқытылу жағдайын, оқушылардың сабаққа қатысуын, оқушылардың бейімделуін бақылау жағдайын мектепшілік бақылау.

Пәні: Көркем еңбек

Бақылаушы: А.Бимурзаева

Пән мұғалімі: Л.Сейдуалиева

Оқушылар қоңырау соғылғанда сыныпқа толық келуге әлі де үйренбеген. Қоңыраудан кейін шақырып келді. Оқушылардың көркем еңбек сабағына қажетті құралдары жоқ. Сөзжұмбақ арқылы жаңа сабақтың тақырыбын анықтады. Жаңа сабақты түсіндірді. Оқушылар сабаққа қызығушылықпен қатысты. Адам өмірінің қауіпсіздігі, техника қауіпсіздік ережелерін қайталады. Лобзикпен жұмыс жасауды көрсетті. Оқушылар қызығып өздері істеп көрді. Шаблондар таратты. Барлығын мұғалім өзі дайындайды. Оқушыларға қажетті құралдарды сабаққа алып келуді дағдыландырып, үйрету керек.

Қорытынды:

4 - сынып оқушыларының бейімделуі "жақсы" деңгейде. Жекелеме оқушыларды ата- аналарымен, сынып жетекшісімен, психологпен бірлесіп, үй талсырмасын орындауын, сабаққа дайындығын қадағалау керек. 4- сыныпқа толық психологиялық зерттеу жүргізілді.

4. Абдрахман А.- іс - жүргізуші:

- 2020-2021 оқу жылының қыркүйек айындағы МІБ жоспарына сай мектептің алфавиттік журналының жүргізілуінің барысы тексерілді.

Мектептің алфавиттік журналы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің №502 бұйрығы негізінде жүргізілген. Қазіргі таңдағы оқушы саны алфавиттік журналда нақты тіркелген.

сынып	1	2	3	4
А-10	1	4	3	2
Ә-4		2		2
Б-6	1	2	2	1
Ғ-2	1	1		
Д-4	2		1	1
Е-5	1	1	3	
Ж-15	6	4	2	3
З-2	2			
К-16	9	5	1	1
Қ-13	3	5	4	1
М-18	3	3	9	3
Н-16	6	3	3	5
О-15	2	7	1	5
Ө-2		1	1	
Р-11	2	5	2	2
С-7	1	4	2	
Т-5	2	1	1	1
У-1				1
	43	50	38	32

Қорытынды: Алфавиттік журналда 2020-2021 оқу жылындағы І тоқсан бойынша толық көрсетілген. Жазбалар анық жазылған. Алайда, толық емес. Жұмыс аяқталмаған. Алфавиттік журналға енгізетін бала тізімі бар. 1-4- сыныптар оқушыларының жеке бас құжаттары тексерілді. 1-4-сыныптарда барлық құжаттар талапқа сай.

Ұсыныс:

Күндегік КЗ электрондық журналдың талапқа сай жүргізілуі тексеру

Сөз сөйлегендер:

1. А.Бимурзаева - мектеп директорының оқу –тірбие ісі жөніндегі орынбасары:

- Күнделік Кз электрондық журналы бойынша апта сайын мониторингпен әрқайсыларыңыз таныссыздар. Аталған олқылықтарды жою әр мұғалімге міндеттеледі. Мектеп бойынша № 1 педагогикалық кеңесте тамыз айында әдістемелік көмек берілді. Үнемі тексеріп бақылап отырамын. КТЖ қалай жариялау керек, қалай Күнделік Кз толтырылуы керек айталды. Дегенмен олқылықтар кетіп жатыр. Әр мұғалім жауапкершілігін күшейтуді шақырамын.

2. 1, 4 -сынып оқушыларының пән мұғалімдерінің сабақ беруіне бейімделуіне бақылау

Н.Берік - мектеп психологі:

- 1,4 сынып оқушыларының бейімделуі "қанағаттанарлық" деп бағалауды ұсынамын. Оқушылар пән мұғалімдеріне бейімделіп келеді.

3. Алфавиттік журналдың жүргізілуі, оқушылардың жеке іс құжаттарын тексеру

Н.Сарсенбаева - сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі:

- Мектеп құжаттарының жүргізілуі алфавиттік кітап, оқушылар мен тәрбиеленушілер бас жұмысы "қанағаттанарлық" деп бағалаймын.

5. Президент жолдауын өзара талқылау.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша *мектеп директоры Қуатбекова Р.Т.* сөз алып, 2020 жылдың 1 қыркүйегінде шыққан "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауын терең түсініп, өзара талқылауды ұсынды.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі Ниязова Г.: Президентіміздің жолдауының 5-ші бөлімі "Қолжетімді әрі сапалы білім" деп аталған. Бұл бөлімде пандемия салдарынан дүниежүзі мектеп оқушыларының басым көпшілігі қашықтан оқуға көшкендігі, ал бұл өз кезегінде жұмыс тәсілі мен мазмұны түбегейлі өзгергендігі айтылған. Қашықтан оқыту ісін ұйымдастыруға әлі күнге дейін нақты бір тұрақты платформа жоқ. Мұғалімдер мен ата-аналар күндіз-түні "Whats App" тап бас көтере алмайтындығын, шұғыл түрде онлайн білім беру платформасын әзірлеу керектігі алға тартылады. Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балалар қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алу керектігін тапсырды. Осы кезекте оқушыларымыздың барлығы дерлік сапалы білім алуы үшін, біз ұжым тарапынан жан-жақты әдіс тәсілдерді пайдалана отырып нақты жүйелі білім беруді бағыттып бекітіп алуымыз керек деп ойлаймын.

6. «Бағалау жүйесі»

Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бимырзаева А. күн тәртібі бойынша «Бағалау жүйесі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада қазіргі заман талабына сай жаңартылған білім берудің маңыздылығы жайлы, жаңартылған білім мазмұны бойынша критериялды бағалау, ойын арқылы оқушылардың оқу белсенділіктерін арттыру туралы айтып өтті. Сонымен қатар білім алушылардың жетістігін бақылау электрондық журналда жүргізілетіндігі туралы айтылды, журналды жүргізу тәртібі тағы бір талқыланды. БЖБ және ТЖБ алыну тәртібін, өткізілінетін пәндер тізімін талқылады. 2-11 сыныптарда БЖБ және ТЖБ өткізілетін пәндердің саны мен атауларын көрсететін әдістемелік ұсыныстарға және 1-сыныпты бағалау жүргізілмейтіндігіне тоқталып нақтылады. Баяндама бойынша сұрақтар қойылды.

7. Үйірме, факультатив, қолданбалы және таңдау курстарының ұйымдастырылуы.

Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бимырзаева А. сөз алып үйірме, факультатив, қолданбалы және таңдау курстарының ұйымдастырылуы қалай жүзеге асырылатынын «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына 3-қосымша *Жалпы білім беретін ұйымдардағы апталық оқу жүктемесін көрсету арқылы түсіндірді. (Қосымша 1) Педагогтардың оқу жүктемесін бекітті.*

8. Оқушылардың сабаққа қатысуын талдау.

Бастауыш пәнінің мұғалімі Дулдулова Г.Қ. оқушылардың сабаққа қатысуы мәселесі бойынша ұжымға баяндама жасады.

Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бимырзаева А.: Коронавирустық пандемия салдарынан білім алушылардың қашықтан білім алуы мен кезекші сыныптадың ашылуы оқушылардың сабаққа қатысуы жан-жақты қадағалауды және оқу үрдісінің нақты жүйелі ұйымдастырылуына үлкен талап қояды. Сол себепті:

- Кезекші сыныптардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы педагогикалық кенестің отырысында 1 қыркүйектен кешіктірмей бекітіледі.
- Кезекші сыныптағы оқу процесі мектептің бекітілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
- Педагогтердің оқу жүктемесін бөлу тарификациялық тізім және мектептің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.
- Кезекші сыныптар үшін, сондай-ақ қашықтан оқыту үшін сынып-жұмыстықтар бойынша бөлу бір сыныптағы білім алушылардың жалпы контингентіне сүйене отырып жүзеге асырылады.
- Әр параллельдің бастауыш сынып мұғалімдері бір қысқа мерзімді (сабақ бойынша) жоспар бойынша жұмыс істейді.
- Кезекші сыныптарда оқытуды ұйымдастыру кезінде тәуекел тобына жататын, мынадай көрсеткіштері бар педагогтердің жұмысын болдырмау қажет:
 - педагогтың жасы 65 жастан асқан;
 - –қанайналым жүйесі аурулары бар (артериялық гипертония, СЖЖ және т. б.);
 - жоғарғы тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары бар (ӨСОА, БА, өкпедегі фиброзды өзгерістер);
 - эндокринопатиялар (қант диабеті, метаболикалық синдром, семіздік және т. б.);
 - иммун тапшылығы жағдайлары (онкологиялық, гематологиялық, иммуносупрессивті терапиядағы науқастар т. б.);
 - жүкті әйелдер;
 - басқа да ауыр созылмалы аурулар.
- 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін мектептерде мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар толығымен тоқтатылады.
- Мектеп қашықтан оқытудан штаттық режимге ауысқан кезде білім алушылар ата-аналарының қалауы бойынша қашықтан оқытуды жалғастыруы мүмкін. Ол үшін ата-аналар 2-қосымшада ұсынылған үлгі бойынша өтініш беруі керек.

9. Қорытынды аттестациялау мен жұмыс жоспарын бекіту.

Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бимырзаева А.: Құрметті әріптестер, 2-4 сыныптарға арналған тоқсандық қорытынды бақылау жұмыстарына аса мән берілуі қажет.

Келесі кезектегі іс-шаралар оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізуді жоспарлап отырмыз: Бастауыш сыныптар онкүндігі - ақпан айында, ал қалалық олимпиада наурыз айында өткізіледі. Барша ұстаздарға оқу жылыда- қашықтық олимпиадалар, сайыстар, интеллектуалды марафондарға қатысу міндеттеледі. Сонымен қатар БАҚ-на материалдарын жариялау ұсынылады. Бастауыш сынып мұғалімдерінің сапалы тізімін қайта тапсыру жоспарлануда.

10. Аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетудегі комиссия жұмысы

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан материалдық көмек берудің ережесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015ж №717 және 22.02.2017ж № 706 қаулысы «Отбасы және балалар саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы қаулысын басшылыққа ала отырып 1 қыркүйектен 2019 ж тегін тамақтанатын бала саны 58. Қазан айына тегін тамақтануға ата-аналар тарапынан түскен 2 баланың өтініші түскен. Сынып жетекшілері ата-аналар комитетінің қатысуымен жәрдем сұраған отбасылары өтініштерін қолдады, пәтерлерінде болып, оқушыларға мектептің көмек көрсетуі туралы қолдау хат пен тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актілері жасалған.

Қыркүйек айында тамақтанып жүрген 58 оқушының іші іде 7 баланың ата-анасының табыс көзі артуына байланысты тегін тамақтандырудан шығарылды.

Мемлекеттік стандарт бойынша үйге кіретін табыс жан басына шаққанда **28 914т** ден аспау керек.

Қаулы етеді:

1. Санитарлық – эпидемиологиялық талаптарды орындау ата-аналарға міндеттеледі;
2. Білім алушылардың оқу күнін ұйымдастыру және жауапкершілігін күшейту ата-аналарға, сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

3. Сыныптардағы білім алушылардың санитарлық талаптардың сақталуын бақылау медбике А.Тоқсанбасваға және мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалау күшейтілсін.
4. Күнделік Кз электрондық журналын толтыруда әр пән мұғалімінің жауапкершілігі күшейтілсін.
5. 1,4 сыныптың бейімделуі "қанағаттанарлық" деп бағалансын
6. 1,4 сыныптарға психологиялық қолдауды жүзеге асыру мектеп психологі Н.Берікке міндеттелсін
7. Алфавиттік журналдың жүргізілуі, оқушылардың жеке іс құжаттарын тексеру қорытындысы "қанағаттанарлық" жеп танылсын.
8. "Қолжетімді әрі сапалы білім" аясында педагогтар жүйелі әрі сапалы білім беруді ұйымдастыру.
9. Бастауыш сыныптарда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауды нәтижелі жүзеге асыру.
10. Үйірме, факультатив, қолданбалы және таңдау курстары Жалпы білім беретін ұйымдардағы апталық оқу жүктемесіне сәйкес жүктеу.
11. Кезекші сыныптардың оқу процесін ұтымды ұйымдастыру, қашықтан оқытуды қатаң қадағалау.
12. Қорытынды аттестациялау мен жұмыс жоспарын бекіту.
13. Ата - аналарының табыс көзі артуына сай тегін тамақтандырудан 7 оқушы (тізімі қоса ұсынылады) материалдық көмек берілуінен шығарылсын.

Төрайым _____ Р.Т. Қуатбекова
Хатшы _____ М.Әленова



«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидаларына 3-қосымша

Жалпы білім беретін ұйымдардағы апталық оқу жүктемесі

Кесте

Сынып	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жүктеме сағатпен, аптасына												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Инвариантты оқу жүктемесі	20,5	22	23	26	26	28	28	29	31	33	22	22
Сабақтар, факультативтер, таңдау бойынша курстар (жоғарғы сыныптарда бейірімдеу пәндері, қолданбалы курстар)	1,5	-	1	1	1	3	3	3	3	3	14	14
Жеке және топтық консультациялар, белсенді қозғалыс сипатындағы сабақтар	-	2	1	2	2	2	2	2	2	2	3	3
Ең көп оқу жүктемесі	22	24	25	29	29	33	33	34	36	38	39	39